КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 22 тамыз №7119-25-00-2/8727 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Баймурзина, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«БЕКПАТША» шаруа қожалығы атынан әрекет етүші Жумабек Дауанович Сатаров

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз деп тану
2. тұрақсыздық өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі" мемлекеттік мекемесінің талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

«БЕКПАТША» шаруа қожалығы атынан әрекет етүші Жумабек Дауанович Сатаров мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«БЕКПАТША» шаруа қожалығы атынан әрекет етүші Жумабек Дауанович Сатаров мемлекет пайдасына 1728 (бір мың жеті жүз жиырма сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1983 (бір мың тоғыз жүз сексен үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормдың апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.А.Баймурзина

Документ подписан: Баймурзина А. А., 22.08.2025

Дата вступления в законную силу: 29.09.2025, судья Баймурзина А. А., 08.10.2025

7119-25-3-1/8724